

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетін қайта құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 18 наурыз N 2137. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.05.26. N 3531 жарлығымен. ~U973531

Меншік қатынастарын өзгерту процестерін жетілдіру және мемлекеттік мүліктің тиімді басқарылуын қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті етіп бөлу арқылы қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы және Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті туралы ережелерді әзірлеп, бекітетін болсын;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің мүлігіне құқылық мұрагерлік мәселелерін шешсін;

қолданылып жүрген заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

"Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасы туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1135 U931135_ Жарлығымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы 1993 ж., N 7, 83-бап) бекітілген Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлесін.

3. "Мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 9 маусымдағы N 1220 U931220_ Жарлығымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 19, 225-бап) бекітілген мемлекеттік басқару орталық органдарының тізбесінде "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті" сөздері:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті;

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті" сөздерімен ауыстырылсын.

4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті